



БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

16.05.2025_№ 39

***Мектеп жанындағы жазғы лагерьдің ашылуы,
лагерь басшысын, тәрбиешілерді тағайындау туралы***

«Астана қаласы Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 07 сәуірдегі № 588 «Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы» бұйрығын негізге ала отырып, оқу-тәрбие процесінің сабақтастығын қамтамасыз ету, балалардың демалысы мен сауықтыруының әр түрлі түріне қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылдың 2 маусымынан бастап 27 маусым аралығында бастауыш 1 - 4 сыныптар үшін мектеп жанындағы жазғы лагерь ашылсын.
2. Ауысымдағы балалар саны төмендегідей бекітілсін:
 - 1 маусым (02.06-13.06.2025) – 1 -2 сыныптар, барлығы - 60 оқушы;
 - 2 маусым (16.06.-27.06.) – 3-4 сыныптар, барлығы – 30 оқушы.
3. Жазғы демалыс алдын-ала бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылсын.
4. Әр маусымға төмендегі тәртіпте лагерь басшылары мен тәрбиешілер бекітілсін:

1 маусым лагерь басшысы: Калиакпарова А.С.

1 топ тәрбиешілері: Калиакпарова А.С, Кабенова А.М;

2 топ тәрбиешілері: Абдрешова А.Б, Магтанова А.М;

3 топ тәрбиешілері: Алиякпарова Г.А, Нуртазина С.К.

Денешынықтыру мұғалімі Бекболатов Б.Б, Алдабергенов М.М, музыка пәні мұғалімі Туралы С.Е

2 маусым лагерь басшысы: Калиакпарова А.С.

1 топ тәрбиешілері: Калиакпарова А.С, Кабенова А.М;

2 топ тәрбиешілері: Абдрешова А.Б, Магтанова А.М;

3 топ тәрбиешілері: Алиякпарова Г.А, Нуртазина С.К.

Денешынықтыру мұғалімі Бекболатов Б.Б, Алдабергенов М.М, музыка пәні мұғалімі Туралы С.Е

5. Жазғы демалыс уақытында балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында:

- лагерь қызметкерлеріне өртке қарсы алдын-алу жұмыстарын жүргізу, өртке қарсы нұсқау жұмыстарын жүргізуге Аманов С.К жауапты болып тағайындалсын және нұсқаулық жүргізу тәртібінің кестесін жасасын;

- қауіпсіздік ережелеріне сәйкес балалардың лагерьдегі қауіпсіздігі қамтамасыз етілсін;

- лагерь уақытында балалардың өмірі мен қауіпсіздігіне жауапкершілік лагерь басшылары мен тәрбиешілерге жүктелсін.

6. Лагерь басшысының міндетіне толықтырылсын:

- барлық жазғы сауықтыру уақытында балалардың денсаулығы мен өміріне қауіпсіздігіне жауапкершілік және өртке қарсы іс- шараларды қатаң сақтау, жолда жүру ережесін қадағалау;

- нұсқаулық өткізгендігі туралы жазбаны арнайы журналға тіркеу;

- мектеп аумағынан тыс басқа жерге апаратын іс- шараларға бұйрық шығару;

- лагерь уақытында тақырыптық іс-шаралар өткізу;

- лагерь тәрбиешілерімен жоспардан тыс нұсқаулықтар жүргізу;

- балаларды көлікпен алып журу ережелері, балаларды суға шомылдыру, спорттық жарыс ойындарын өткізу ережелері, туристік саяхаттарға бару ережелерін қатаң сақтау;

- ыстық тамақпен қамтамасыз етуді қадағалау;

7. Оқушылар арасында балалар жарақатының алдын- алу жұмыстары бойынша жауапкершілік лагерь басшылары мен тәрбиешілерге жүктелсін;

8. Лагерь жетекшілері оқушылардың ауыз суын қадағалау, суды бір рет қолданылатын тостағандардан ішуін қамтамасыз етсін, міндетті түрде газдалмаған ауыз суын пайдаланып, ыдыстардың таза жуылуын қадағаласын.

9. Медбике Гертнер Л.Ю лагерь уақытында бөлмелердің санитарлық нормаларына сай болуын қамтамасыз етсін.

10. Балаларды мектеп асханасында тамақтандыру және ұйымдастыру жұмыстары әлеуметтік педагог Беккелді Н.Б жүктелсін.

11. Осы бұйрықтың орындалуына жауапкершілік директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.М Хасеноваға жүктелсін.



О. Шаханов